

**Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңестің
«Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан» материалдық көмекті бөлу
және оны ұйымдастыру туралы
№3 ОТЫРЫСЫ**

20.08.2021 ж.

Қатынасқандар:

1. А.Қ.Меңдігереева- мектеп директоры;
2. Ш.Сариева-қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
3. Кеңес мүшелері-8;
11. Сынып жетекшілері-49;
12. Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

1. 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №1032 қаулыға сәйкес атаулы көмек алатын отбасы балаларына және әлеуметтік осал топ санатына жататын оқушыларға әлеуметтік кепілдендірілген әлеуметтік топтама түрлері мен көлемдері түрінде (мектеп формасы немесе спорттық киімдер және мектеп құралдарының жиынтығымен) ЖБМБҚнан 2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол» акциясында көмек көрсетілетін оқушылардың тізімін жасақтау;

2. Әлеуметтік осал топ санатына жататын, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан 2021-2022 оқу жылындағы 5-11 сынып аралығында ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімін жасақтау ЖБМБҚ ыстық тамақты ұйымдастыру;

3. 2021-2022 оқу жылында ЖБМБҚнан қараша айында көмек көрсетілетін оқушылардың тізімін жасақтау;

Тыңдалды:

А.Мендігереева- мектеп директоры:

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы оқушыларына берілетін кепілдендірілген әлеуметтік пакеттің көлемі мен түрлері Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсанындағы №1032 қаулыға сәйкес, тиісті жылдың 31 тамыз жағдайы бойынша АӘК алатын отбасындағы білім алатын алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға мектеп формасы немесе спорттық форма және мектеп құралдарының жиынтығы берілуі тиіс екендігі айтылып, тамыз айында №64 қаулыға сәйкес, ата-ананың өтініші негізінде мектеп құралдарының жиынтығы және спорттық форма немесе мектеп формасы түрінде көмек көрсетілетіндігі, соған орай қамқоршылық кеңес мүшелерімен және де сынып жетекшілермен бірлесе отырып оқушылардың тізімі жасақталатындығы айтылды.

Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог:

Индер ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы 2021 жылдың 30 шілдедегі №01-16/614 хаты негізінде 2021 жылдың шілде айынан бастап тағайындалған «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» алатын отбасылардың тізімін жолдағандығын, сол хатқа сәйкес мектеп бойынша

АӘК алатын отбасылардан шыққан балалар саны-36 (17 отбасыдан). Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан тамыз айында «Мектепке жол» акциясы кезінде барлығы 141 балаға және қараша айында 8 балаға көмек көрсетілетіндігі жоспарланып отырғандығы айтылды. Оның ішінде тамыз айында көмек көрсетілетін оқушылардың ішіндегі атаулы әлеуметтік көмек алатын 36 баланың тізімі нақты екендігі, қалған әлеуметтік осал топ санатынан 105 баланың тізімі талқылатындығы ескертілді. Сынып жетекшілерге өз сыныптары бойынша жаңа оқу жылында көмекті қажет ететін оқушыларды ұсынуға тоқталды.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныптар бойынша 546 оқушы және әлеуметтік осал топ санатына жататын, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан 5-11 сыныптан 20 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілетіндігі айтылды.

Сөйлеушілер:

А. Рауелова-6 «б» қазақ сыныбының сынып жетекшісі:

Өз сыныбының әлеуметтік жағдайын зерделей келе, оқу жылына дайындық барысында «Мектепке жол» акциясында көп балалы отбасыдан шыққан 2 оқушыны, толық емес отбасыдан шыққан, аз қамтылған отбасы 1 оқушыны, асыраушысынан айырылған, яғни жартылай жетім санатына жататын 3 оқушыны ЖБМБҚ көрсетілетін көмектің тізіміне қосуын сұрады. Аталған оқушылардың барлығы әлеуметтік осал топ санатына жататындығын, әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттарын, ата-аналардың өтініштерін ұсынып, оқушылардың жағдайына жеке-жеке тоқталды.

5-11 сынып оқушылары бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізіміне ата-анасының өтінішін негізге ала отырып, мектебімізде 4 баласы білім алып отырған (8 а қ.с., 6 б қ.с., 3 ә қ.с., 1 а қ.с) көп балалы отбасыдан шыққан 1 оқушыны ұсынды.

А. Орынбай-5 «ә» қазақ сыныбының сынып жетекшісі:

Өз сыныбы бойынша АӘК алатын отбасыдан шыққан бір оқушы және қамқорлыққа алынған, үйден оқытылатын, мүгедек бір оқушы сонымен қатар, толық емес отбасыдан шыққан бір оқушының ата-анасының өтінішін ұсынды. Өтініш беруші ата-анасының әлеуметтік жағдайына тоқталды. Алимент өндірілмегендігін және туыстарының үйінде тұратындығын, әлеуметтік көмекті қажет ететіндігін, себебі отбасында анасының табыс көзі аз, кіші қызметкер болып жұмыс атқаратындығы ескертіліп, айтылды. Аталған оқушылардың әлеуметтік жағдайын ескеріп, «Мектепке жол» акциясында көрсетілетін көмектің тізіміне қосуға өз ұсыныс білдірді.











А. Сахешева-қамқоршылық кеңес мүшесі:

2021-2022 оқу жылына дайындық барысында мектеп оқушыларына жалпыға бірдей міндетті білім қорынан жылма жыл көмектер ұйымдастырылып отыратындығына тоқталып, ата-аналардың өтініштерімен

сынып жетекшілердің ұсыныстарын ескере отырып, әр сынып бойынша аталып ұсынылған оқушыларға көмек көрсетуді қолдайтындығын жеткізді. 5-11 сынып оқушылары бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімінде ата-аналардан түскен өтініштер негізінде қаралып, сол бойынша әлеуметтік жағдайын ескере отырып, тізім жасақталатындығына да тоқталды.

Сынып жетекшілердің ұсыныстары бойынша және ұсынылған құжаттарды қарастырып, қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, төмендегідей **ҚАУЛЫ** етеді:

1. Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан көмек көрсетілетін оқушылардың тізімі нақтыланып, шығарылсын. (1,2 қосымша)
2. Әлеуметтік жағдайына байланысты 5-11 сынып оқушыларынан ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін 20 оқушының тізімі шығарылып бекітілсін. (3-қосымша)

Қамқоршылық кеңес төрағасы:		Ш.Сариева
Мүшелері:		С.Краубаев
		Қ.Бекназаров
		Э.Уразбаева
		А.Гумарова
		А.Сахишева
		А.Куанышкалиева
		Н.Тоганасова
		Н.Турекешов
Хатшы:		Н.Рахметкалиева